

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы Жанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 37 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 тамызда № 4234 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Жанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 53 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Жанбай ауылдық округі әкімінің 19.12.2018 № 53 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Исатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 16 шілдедегі № 10-10/86 ұсынысы негізінде Жанбай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жанбай ауылдық округі Жанбай ауылы, Нарын көшесі мен М.Есқалиев көшесінің қиылысына бұқадан құтырма ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Атырау облысы Қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Исатай аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Д. Есмұханов

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Исатай аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының директоры
2018 жылғы "27" тамыз

Б. Төлеген

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігінің Қоғамдық
денсаулық сақтау комитеті Атырау
облысы Қоғамдық денсаулық
сақтау департаментінің Исатай аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік мекемесінің
басшысы
2018 жылғы "27" тамыз

С. Ғабитова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК